

Қарасай ауданы Әкімдігінің 2004 жылдың 16 наурыздағы "Аудан әкімдігінің резервіндегі қаражатты пайдалану Ережесін бекіту туралы" № 3-403 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Алматы облысы Қарасай ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 19 қыркүйектегі № 9-1432 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабының 8-тармағына және "Құқықтық актілері туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қарасай ауданы әкімдігінің 2004 жылдың 16 наурыздағы "Аудан әкімдігінің резервіндегі қаражатты пайдалану Ережесін бекіту туралы" (нормативтік - құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2004 жылдың 22 сәуірінде № 1575 болып тіркелген) № 3-403 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Н.Б. Жұмәділге жүктелсін.

Аудан әкімі

М. Бигельдиев